

В ЮКГУ им. М.Ауэзова  
с 13 января 2020 года  
официально стартовала  
Зимняя школа  
«AUEZOVUNIVERSITY-2020»

2-бетте



Екі дәуір түйісін өліара шақта  
Қазақстанға тубегейлі жаңыры және  
жада идеялар арқылы болашағын  
баянды ете түсідің тендеңсіз тарихи  
мұмкіндігі беріліп отыр

3-бетте



Абайдың өлеңдерін оку, білімді болу,  
әсietтің орындау, үміт ақтар үрпағы болу -  
борышымызды абыраймен атқару.

7-бетте

# УНИВЕРСИТЕТ

М. Эуэзов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті



№ 1 (200)  
24.01.2020

## 2020 жылы - Абай Құнанбаевтың тұғандарының 100-жылдығы

### Университетте Абайдың тасада калған тұныңдары зерттелуде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде ұлы ақын, дана ойшыл, қазактың жаңа тарихи дәуірдегі реалистік жаңба әдебиетінің атасы Абай Құнанбайұлы жайы «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты көлемді мақаласы жарыққа шықты. Абайды әлемге танытқан М.Әуезов атын меншіктеген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-окытушылар құрамы мен студенттері мақаладан өз бойларына рухани азық алды.

Президент өз мақаласында: «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығын туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселелеге айналды. Әйткені сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз», - деді.

Расымен де, Қазақ халқының ұлт ұстазы Абай (Ибраһим) өз халқымен бірге, міне, XXI ғасыр межесіне жетіп, ел-жүртімен бірге емен-жарқын жасап жатыр. Өзі кезінде:

Олді деуге бола ма, айтыңдарын,  
Олмейтүзін артына сөз қалдырган, –

деп айтқандай, шайырдың өзі жоқ болса да, сөзі қалды. Асыл сөз өлмейді. Асыл сөз айта алған адам да, асылы, өлмек емес. Кезінде Абайдың шығармашылық өмірін құнгатап, кейінгі үрпақ үшін алтын сандыққа салып, аманат етіп беріп кеткен М.Әуезов езінің атағы әлемге жайылған «Абай жолы» роман-әпопеясында: «Алтын терек, арсыға құлаш үрган ардақты азamat, сен өлмейсің! Елінің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі наесілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атын бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрсын бірге жарқырайды! Алдың жарқын, езің солай сеніп ең... Ана жүртің сені өлді демейді...» деген болатын.

Мемлекет басшысы мақалада азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет екендігін, осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейн қойған азбал екендігіне ерекше тоқтатып етті.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 2018 жылдың караша айында «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылған болатын. Оған белгілі ғалым, абайтанушы, Тәуелсіздік мерекесі қарсандына Мемлекет басшысының қолынан екінші дәрежелі «Барыс» орденіне ие болған, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы жетекшілік етеді. Фалымдарымыз Мұхтар Әуезовті ғана емес, Ұлы Абай мұрасын зерттеуді тоқтатқан емес.

Орталықтың қызметкерлері М.Әуезовтің мұражай үйіндегі Мұрсейіт қолжазбасына сүйеніп, қазак әдебиеті тарихында тұнғыш рет Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасының транскрипциянын жасап шықты. Бұл Абайтану тарихында үлкен орын алар ғылыми жаңаңылқа деп білемін. Біз осы деңгейде Атамыш шығармасының түпнұсқасын оқымай,

қазіргі қазақ тіліндегі аудармасын оқып келгенбіз. Себебі, Мұрсейіт қолжазбасынан бермен қарай Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасының түпнұсқасы қазақ оқырманына жетпеген. Ақықатында, Абай «Китаб тасдиқ» шығармасын шағатай тілінде жазған. Шағатай тілі әр кезде мұсылман-түркі, яки қадымша, яки китаби тіл деп аталып келген. Қазақтың әдеби тілін түрлendірген Абай тек «Китаб тасдиқ» туындысын осылай өзгеше тілмен жазған. Себебі «Китаб тасдиқ» – көркем шығарма емес, ғылыми сәбек, яки трактат. Ал шағатай – бүкіл түрік жұрты мың жыл бойы колданған ғылыми һәм әдеби ортақ тіл. Ол стильмен кезінде Жұсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи, Насреддин Рабгузи, Сәйф Сарай, Қадыргали Жайлайырилар жазды.

«Китаб тасдиқ» – осы күнге дейін бағы ашылмай келе жатқан туынды. Оның бағы ашылуы үшін ең әуелі оның түпнұсқасы жариялануы керек еді. Түпнұсқасызы мәтінтану ісі толыққанды бола алмайды. Түпнұсқа сонау баяғы архив серелеріндегі Мұрсейіт қолжазбасының ішінде шаң басып, жетіміреп жатқан еді. Содан бері шығарма А.Байтурсыновтың жанаша араб әліпбіімен де, кейінгі латын һәм кирилл алфавитімен де жарық жүзіне шыққай, елеусіз боп қалған болатын. Ал біз оқып жүрген қазақша тәржімә мәтінге өз аты қойылмай, осы күнге дейін «38 қара сөз» деп аталып келген еді. Енді Абайдың ең басты шығармасына өз атын беріп, өзі жазған түпнұсқа тілде ел-жүртқа жеткізу керек деп ойлаймыз. Бұл ұлы данышпаның 175 жылдық мерейтойы қарсанында баға жетпес зор сыйлық болар еді деп ойлаймыз.

Абайдың сонау 1995 жылдық мерейтойында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Әлем халықтарының рухани өміріндегі жарық жұлдыздарының бірі және бірегей – Абай. Сондықтан да қазақ мәдениетінің тарихындағы осылайна ерекше жаратылған құбылыстың мән-маңызын өте жоғары бағалаған ЮНЕСКО өз үйрарымымен биылғы 1995 жылды Абай жылы деп атады. Бұл – тәуелсіздік туын жаңаған тіккен біздін халқымыз үшін үлкен абырай! Есімі адамзат жүргегінде мәңгілік сакталар ұлы тұлғалар Гете, Байрон, Науай, Пушкиндермен қатар атап ұлы бабамыздың мерейтойын бүкіл дуние жүзі халықтары бізben бірге тойлап жатса, еңсесін енді ғана көтерген ел үшін бұл шынында зор мерей емес пе?!

Мемлекет басшысы мақаласында Абайдың жаңаңылқа деп білемін. Абай хакім бүгінгі біздің де шын мәнінде «өлмес, өшпес түрғыласымыз екені анық. Бізге керегі енді сол - «тұрақты нұрды» түрғылас ретінде тану ғана.

Дария Пернешқызы ҚОЖАМАЖАРОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,  
КР Ұлттық ғылым академиясының академигі,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор